


Мамыр айында іскерлік белсенділік өндірісте, қызмет көрсету секторында және құрылыста жақсарды

2024 жылдың мамыр айындағы іскерлік белсенділік туралы
ҚРҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Рүстем Оразалиннің түсіндірмесі

Іскерлік белсенділік индексі **50,7** болып, жақсару үрдісін жалғастырды. Көрсеткіш төрт ай бойы оң аймақта тұр.

Өндірісте, қызмет көрсету секторында және құрылыста көрсеткіш жақсарды. Аталған секторларда іскерлік белсенділік индексі тиісінше **51,5**, **50,6**, және **52,0** (сәуірде – тиісінше 50,8, 51,4 және 48,8) болып, өсу аймағында болды. Әсіресе, құрылыста көрсеткіш айтарлықтай жоғарылап, оң аймаққа өтті. Құрылыста барлық компоненттер жақсарды.

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде еңбекпен қамтудың төмен деңгейі іскерлік белсенділіктің өсу барысын тежеді. Мұнда индекс **49,0-ге** дейін (сәуірдегі 47,1-ден) жоғарылағанына қарамастан, көрсеткіш теріс аймақта қалды.



Бизнес-ахуал индексі мамыр айында біршама жақсарды. Бизнес жүргізудің қазіргі және келешек жағдайлары оң бағаланды. Қазіргі бизнес жағдайларды бағалау аздап жақсарды. Осылайша, бизнес-цикл «сағатының» индикаторы өсу аймағында қалды.

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/ru/page/indeks-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>